

6D020300 - Тарих маммандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бисембаева Ляззат Амандыковнаның «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» атты диссертациялық жұмысына Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тоқтабай Ахмет Уәлханұлының

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Тәуелсіздік алған уақыттан бері отандық тарих ғылымында айтарлықтай өзгерістер орын алғып, еліміздің өткен тарихы жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қарастырыла бастады.

Отан тарихындағы жаңаша зерделеуді қажет ететін тақырыптардың бірі – XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ халқының отаршылдық кезеңінің тарихы. Аталған уақыттарда патша үкіметі үшін Қытаймен және Орта Азия хандықтарымен шектесіп жатқан Жетісу өңірінің стратегиялық маңызы зор болды, сондықтан өзінің әлеуметтік тірегін нығайту мақсатында Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда бұл өлкеге өзге халықтарды көбірек орналастырды. Нәтижесінде бұрын қазақ және қырғыз халықтарының ғана мекені болған Жетісу жері діні мен салт-дәстүрі бөлек бірнеше халықтардың мекеніне айналып, өңірде саяси-экономикалық, әлеуметтік салада түбегейлі өзгерістер орын ала бастады. Отаршылдық саясат астарында қалыптасқан ол өзгерістер жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылар арасындағы күнделікті қарым-қатынаста да өзіндік із қалдырды. Кеңестік тарихнама патшалық биліктің жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушыларға қатысты ұстанымындағы айырмашылықты, олардың өзара қарым-қатынасының күнделікті өмірге ықпалын, қоғамда орын алған өзгерістердің қалыпты тіршілікке әсерін, оны тұрғындардың қалай қабылдағанын жан-жақты ашып көрсетуге дәрменсіз болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Отан тарихының жүріп өткен жолын тарих ғылымындағы жаңа методологиялық бағыттар арқылы қайта қарастыруға мүмкіндік туып, күн өткен сайын оның маңызы арта түсті. Бұрын қоғамдағы ірі оқиғаларға, саясатқа басымдылық берілсе, кейінгі кезде тәменгі қабаттарға назар аударылып, қарапайым адамдар, шағын әлеуметтік топтар өміріне деген қызығушылық артып келеді. Тақырыптың өлкे тарихын зерттеуге арналуы жас ұрпақтың бойында отансуйгіштік сезімін, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етіп, ұлттың рухани жағынан жаңғыруына үлес қоспақ. Осы тұрғыдан қарастырғанда ізденуші Л.А.Бисембаеваның «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» атты зерттеу жұмысының тақырыбы өзекті болып табылады. Өйткені Жетісу облысының отаршылдық кезеңіндегі тарихы күнделіктілік тұрғысынан бұрын-сонды кешенді тұрде

зерттелмеген.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Л.А.Бисембаевың тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы отаршылдық кезеңіндегі Жетісу облысы тұрғындарының күнделікті өмірі тарихы мәселелерін қарастырган. Диссертациялық жұмыс анықтамалар мен белгілеудерден, кіріспеден, З тарау, 10 тақырыпшадан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұратын, жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан талданған, өзіндік ғылыми тұжырымдары бар, дербес ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады.

Ізденуші 1867-1917 жылдар аралығындағы Жетісу облысының саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайын, тұрғындардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін архив деректерін, қолжазбалар қоры мен сол тарихи кезеңін мерзімді басылым материалдарын талдау арқылы ашып көрсетіп, мақсатқа қол жеткізген. Сонымен бірге ізденуші фольклор мәліметтерін ресми деректермен қатар қолданып, облыс тұрғындарының отарлық саясат аясындағы күнделікті өмірінің мәнін жан-жақты ашып көрсеткен. Осы айтылғандарды қорытындыласақ, Л.А.Бисембаева «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу облысының саяси-экономикалық, мәдени-рухани жағдайының тұрғындардың күнделікті өміріне әсері, оның жағымды және жағымсыз жақтары жан-жақты қарастырылып, қоғам дамуындағы қарама-қарсылықтың бірлігі тұрғысынан талдауға арналған.

Екінші нәтиже. Патша үкіметінің отаршылдық билігі аясындағы облыстың саяси және экономикалық өміріндегі өзгерістер, патша әкімшілігі мен Жетісүдің жергілікті тұрғындарының қарым-қатынасы күнделікті өмір тұрғысынан қарастырылып, отарлық саясаттың қазақ халқының өміріне әсерінің жаңа қырлары айқындалған.

Үшінші нәтиже. Жетісу жері Ресей империясының құрамына қаратылғаннан кейін өңірдің шаруашылығына енген өзгерістер, оның тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне әсері күнделіктілік бағыты бойынша талданып, қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындардың өзара шаруашылық байланыстары жаңа көзқарастар тұрғысынан баяндалған.

Төртінші нәтиже. Дәстүрлі қоғамның отарлық билікпен бірге келген жаңа қоғамдық қатынастарға бейімделуі, реформалардың Жетісүдің байырғы тұрғындарының өміріне әсері күнделіктілік әдісімен зерттеліп, тың тұжырымдар арқылы көрсетілген.

Бесінші нәтиже. Патша үкіметінің ағартушылық саясатының отаршылдық мәні, оның жергілікті тұрғындардың рухани әлеміне әсері, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезеңіндегі жергілікті тұрғындардың тыныс-тіршілігі күнделікті өмірге енген өзгерістер негізінде талданған.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің,

тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелерінің шынайылық дәрежесі деректік материалдардың көп қырлылығымен, толықтығымен, көлемділігімен және әрбір бөлімдерінің ғылыми негізделгендейтіліктерімен айқындалады.

Бірінші нәтиже. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы Жетісу облысы тұрғындарының саяси-экономикалық, мәдени-рухани өмірінде орын алған өзгерістер мен оның тұрғындар өміріне әсерін анықтауға Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің, Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құжаттарын, облыстың әскери губернаторларының әр жылдардағы есептері мен патша шенеуніктерінің облысқа қатысты еңбектеріндегі материалдарды, ауыз әдебиетінің мәліметтерін салыстыра отырып талдау арқылы қол жеткізіліп, дәйекті түрде ғылыми негізделген.

Екінші нәтиже. Отаршылдық кезеңіндегі облыстың саяси және экономикалық өміріндегі өзгерістер, құнделікті өмірдегі әкімшілік пен жергілікті тұрғындардың өзара қарым-қатынасы архив деректері, ауызша тарих материалдары мен сол уақыттардағы мерзімді басылымдардың мәліметтері негізінде анықталған. Сондықтан шынайылық дәрежесі жоғары.

Үшінші нәтиже. Жетісу облысы құрылғаннан кейінгі өнір шаруашылығында орын алған өзгерістер, оның тұрғындардың құнделікті өміріне әсері, қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындардың өзара шаруашылық байланыстары ресми деректермен қоса ұлт зиялышарының еңбектері негізінде талданғандықтан ғылыми тұжырымдар шынайы болып табылады.

Төртінші нәтиже. Дәстүрлі қоғамның өзгерісі, шаруашылықтың жаңа капиталистік қатынастарға бейімделуі, реформалар арқылы құнделікті өмірге енген өзгерістер жоғарыда аталған архивтердің құжаттарын, музей материалдарын, ғылыми еңбектерді салыстыра отырып қарастырылғандықтан берілген тұжырымдар нақты, әрі шынайы болып табылады.

Бесінші нәтиже. Отаршылдық саясаттың Жетісудың жергілікті тұрғындарының рухани өміріне әсері, оның құнделікті өмірдегі көрінісі, 1916 жылғы құнделікті өмірдің ерекшелігі ресми деректермен бірге сирек қолжазба қорының материалдарын, жергілікті қазақ және қырғыз халықтарының ақындары мен ағартушыларының шығармаларын салыстыра отырып талдауға алынған. Сондықтан келтірілген деректердің шынайылық дәрежесі жоғары болып саналады.

4. Іздешілік диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңашылдық дәрежесі.

Іздешілік Л.А.Бисембаевың зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі жоғары болып табылады. Себебі, 1867-1917 жылдар арасындағы Жетісу облысы тұрғындарының құнделікті өмірі мәселесі архив құжаттары, музей материалдары, сол

заманның мерзімді басылым материалдары, этнографиялық, фольклорлық және сирек қолжазба қорының материалдары негізінде зерттеліп, ғылыми негізделген. Ол төмендегідей:

Бірінші ғылыми нәтиже – жаңа болып табылады. Себебі, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың басындағы облыс тұрғындарының саяси-экономикалық, мәдени-рухани өмірінде орын алған өзгерістер, оның тұрғындар өміріне әсері жан-жақты талданып, ғылыми негізделді.

Екінші ғылыми нәтиже – жаңа болып саналады, себебі, отаршылдық аясындағы күнделікті өмірдегі әкімшілік пен жергілікті тұрғындардың өзара қарым-қатынасы дәйекті түрде анықталған.

Үшінші ғылыми нәтиже – жартылай жаңа. Облыс құрылғаннан кейінгі өнір шаруашылығына енген өзгерістер, оның тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне әсері, қоныс аударушылар мен жергілікті тұрғындардың күнделікті шаруашылық байланыстары жаңа көзқарастар тұрғысынан зерделеніп, бұрын көрсетілмеген қырлары анықталды.

Төртінші ғылыми нәтиже – жартылай жаңа. Дәстүрлі қоғамның өзгерісі, шаруашылықтың жаңа қарым-қатынастарға бейімделуін талдауда күнделіктілік әдістерімен қоса ғылыми танымның әмпирикалық зерттеу әдістері де қолданылса, реформалар арқылы қалыпты өмірге енген өзгерістер күнделіктілік әдісі арқылы анықталған.

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа. Отаршылдық саясаттың Жетісудың жергілікті тұрғындарының рухани өміріне әсері, оның күнделікті өмірдегі көріністері, 1916 жылғы күнделікті өмірдің ерекшеліктері, оның тұрғындар өміріне әсері дәйекті түрде тұжырымдалды.

5. Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы.

Л.А.Бисембаевың «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» тақырыбында талқылауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмысы аяқталған, дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері жаңа, тұжырымдары дәйекті, шынайы негізделген. Зерттеу жұмысының құрылымы өзара логикалық сабактас мәселелерді талдауға арналған. Диссертациялық жұмыстың мақсат, міндеттері дұрыс айқындалып, жүйеленген. Соның негізінде жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізіліп, тақырып мазмұны жоғары деңгейде ашылған.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Ізденуші Л.А.Бисембаевың диссертациялық жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары Отан тарихындағы күнделікті өмір тарихын зерттеудегі ғылыми жетістіктердің бірі болып саналады. Қол жеткізілген ғылыми нәтижелер күнделіктілік бағытында жазылатын ғылыми зерттеулерге, Қазақстан тарихына, өлке тарихына қатысты оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауда, жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихының дәріс және семинар сабактарында, арнайы курстар жүргізуде қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің,

тұжырымдары мен қорытындыларының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның негізгі зерттеу нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары бойынша ізденушінің 12 ғылыми еңбегі жарық көрген. Оның ішінде: 4 мақала КР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған; 2 мақала Scopus халықаралық деректер базасында тіркелген ғылыми басылымдарда жарияланған. Сондай-ақ, 5 мақала халықаралық (оның ішінде 1 мақала шетелдік) ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарыққа шыққан.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмысты жазып шығуда жоғарыда аталған жетістіктермен қатар кейбір кемшін тұстарын атап өткенді жөн көремін:

1. 1880-1883 жылдарда Қытайдан үйғырлар мен дүнғандардың патша әкімшілігінің күшімен қоныс аударуының себебі мен салдарын жан-жақты ашып көрсету керек еди.

2. Қыргыз деген сөзді қазақ деп жазатын уақыт келді емес пе?

3. Қ.Халид еңбегін толығырақ пайдалану қажет еди.

Дегенмен, аталған кемшіліктер мен сын-ескертпелер ғылыми жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Зерттеу жұмысы Жетісу облысы тұрғындарының отаршылдық жағдайындағы күнделікті өмірін зерттеуге арналған. Ізденуші зерттеу жұмысын тарихи деректер негізінде жан-жақты зерделей отырып, өзінің мақсат-міндеттеріне жеткен. Қорғауға ұсынылған тұжырымдары нақты, әрі дәйекті. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері отандық тарих ғылымының жаңа кезеңіне, әрі күнделіктілік бағытындағы зерттеулерге қосылған үлес болып табылады. Ізденуші Л.А.Бисембаевың «Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.)» тақырыбындағы 6D020300-Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2 бөлімінің талаптарына толық сай келеді, сондықтан автор Бисембаева Ляззат Амандыковна 6D020300-Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Рецензент:
т.ғ.д., профессор
13 тамыз, 2019 ж.



A.Y. Тоқтабай